

«Прокуратура туралы» Заң

Прокуратура туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 30 маусымдағы № 81-VI ҚРЗ.

Осы Заң Қазақстан Республикасы прокуратурасының мәртебесін, құзыретін, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібін айқындайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Прокуратураның мақсаты

Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2-бап. Прокуратура қызметінің құқықтық негіздері

Прокуратураның құзыреті, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі Конституцияда және заңда айқындалады.

3-бап. Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің қағидаттары

1. Прокуратура төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынатын бірыңғай орталықтандырылған жүйені құрайды.

2. Прокуратура өз өкілеттіктерін заңдылық, басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз болу және Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп беру қағидаттарында жүзеге асырады.

3. Прокуратура органдары өз функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде олардың қызметіне араласуға тыйым салынады.

4. Прокуратура кәсіпкерлік субъектілерінің, ұйымдардың және мемлекеттік органдардың қызметіне араласуға, олардың қызметіне тексеріс тағайындауға, заңда көзделмеген негіздер бойынша ақпарат не құжаттар сұратуға құқылы емес.

5. Прокуратура органдары адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы, мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтау туралы заңнама талаптарына қайшы келмейтіндей деңгейде жария әрекет етеді.

4-бап. Прокуратураның міндеттері

Прокуратура заңда белгіленген шекте мынадай міндеттерді:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғауды және қалпына келтіруді;

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakup.prokuror.kz>)

2) заңдылықты бұзуды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың зардабын анықтауды және жоюды;

3) құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді;

4) заңда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалған өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

2-тарау. ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ САЛАЛАРЫ

5-бап. Прокурорлық қадағалаудың негізгі бағыттары

Прокуратура заңда белгіленген шекте және тәртіппен:

1) мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдар қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің;

2) заңды күшіне енген сот актілерінің;

3) атқарушылық іс жүргізудің және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің;

4) құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың:

сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел іздестіру және қарсы барлау қызметі;

қылмыстық жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтау салаларындағы қызметінің;

5) мемлекеттік құқықтық статистиканың және арнайы есепке алудың заңдылығын;

6) заңда айқындалатын өзге де бағыттар бойынша заңдылықты жоғары қадағалауды (бұдан әрі - қадағалауды) жүзеге асырады.

6-бап. Қадағалау нысанасы, нысандары және шегі

1. Прокуратура - мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының, ал айрықша жағдайларда Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың актілерінің, әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады.

2. Қадағалау тексерістер және заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізу, сондай-ақ күшіне енген актілерді бағалау арқылы жүзеге асырылады.

3. Прокурор заңдылықтың сақталуын тексеруді өзінің құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің;

2) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының тапсырмалары негізінде тағайындайды және жүргізеді.

4. Бас Прокурор орынбасарларының, облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлардың, аудандар прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлардың

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakup.prokuror.kz>)

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының қызметіне тексерісті тағайындау және жүргізу туралы шешімдері:

1) физикалық, психикалық және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауды өзі дербес жүзеге асыра алмайтын адамдардың;

2) шектелмеген адамдар қатарының;

3) егер бұл адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орны толмас зардаптың алдын алуға қажет болса, адамдардың, қоғамның және мемлекеттің құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін қабылданады.

5. Осы баптың 3-тармағының негізі бойынша жүргізілетін не құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметіндегі заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыру кезінде жүргізілетін тексерістерді қоспағанда, құзыретіне тиісті мәселелер жатқызылған өзге де уәкілетті мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының өз өкілеттіктерін орындамау немесе тиісінше орындамау фактісі анықталған жағдайларда ғана тексерістер тағайындалуы мүмкін.

6. Прокуратура органдары қадағалауды жүзеге асырған кезде өзге де мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмайды.

7-бап. Тексерістер жүргізу тәртібі

1. Прокурор, мына жағдайларды:

1) осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайды, сондай-ақ құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметінде заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыру кезінде жүргізілетін тексерістерді;

2) осы органның не оның лауазымды адамдарының қызметіндегі мүдделер қақтығысын;

3) тексеріс тағайындауға осы органның не оның лауазымды адамының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағым себеп болған жағдайды қоспағанда, құзыретіне тексеріс жүргізу кіретін уәкілетті мемлекеттік органға тексеріс жүргізуді тапсырады.

Құзыретті орган прокурорға тексеріс нәтижелері туралы заңда белгіленген мерзімде хабарлауға міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда тексерісті прокурор жүргізеді.

3. Тексеріс жүргізу туралы қаулы шығарылады, ол құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органда тіркеледі.

Заңдылықтың сақталуын тексеру күнтізбелік отыз күннен аспайтын уақыт ішінде жүргізіледі.

Қосымша материалдарды талап ету қажет болған кезде, сондай-ақ тексеріс көлемінің ауқымдылығына байланысты айрықша жағдайларда оны жүргізу мерзімі отыз күннен аспайтын мерзімге және Бас Прокурормен келісу бойынша ғана ұзартылуы мүмкін.

Сараптама тағайындалған, сондай-ақ шет мемлекеттерден мәліметтер мен құжаттар алу қажет болған жағдайларда - оларды алғанға дейін, сондай-ақ тексеріс жүргізуге кедергі келтіретін өзге де жағдайларда тексеріс тоқтатыла тұруы мүмкін.

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakur.prokuror.kz>)

Тоқтатыла тұрған тексерісті жүргізу мерзімін есептеу ол қайта басталған күннен бастап жалғасады.

Тексерістерді тағайындау туралы қаулыларды тіркеудің осы тәртібі және оларды жүргізу мерзімдері қылмыстық процестік, қылмыстық-атқару заңнамасы, атқарушылық іс жүргізу, әкімшілік құқық бұзушылық, жедел іздестіру және қарсы барлау қызметі туралы заңнама шеңберінде жүргізілетін тексерістерге қолданылмайды.

4. Тексерісті тағайындау туралы қаулыда көрсетілген адамдар ғана тексеріс жүргізе алады.

5. Тексерісті жүзеге асыру кезінде прокурор:

1) егер құжаттар, ақпарат тексеріс объектісі болып табылмаса немесе тексеріс нысанасына жатпаса, олардың берілуін талап етуге;

2) тексеріс жүргізудің белгіленген мерзімдерінен асыруға;

3) тексерілетін субъектінің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруге құқылы емес.

8-бап. Заңдылықтың жай-күйін талдау

1. Заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізудің, оның ішінде құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелер мен ресурстарға қолжетімділікті пайдалана отырып талдау жүргізудің тәртібі осы заңда, өзге де заңнамалық актілерде және Бас Прокурордың актілерінде айқындалады.

2. Талдау прокурорлар субъектілерге (объектілерге) бармастан статистикалық деректерді, мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтерін, азаматтық және қылмыстық істердің, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің материалдарын, сондай-ақ ақпараттың өзге де көздерін зерделеу арқылы жүргізіледі.

Талдау нәтижелері анықтама түрінде ресімделеді. Талдау нәтижелері бойынша осы Заңға сәйкес прокурорлық қадағалау не ден қою шаралары қабылданады.

9-бап. Тексерілетін субъектілердің құқықтары мен міндеттері

1. Тексерілетін субъектілер не олардың уәкілетті өкілдері прокурорлар тексеріс жүргізген кезде:

1) мынадай:

тексерілетін субъектіге тексеріс тағайындау туралы қаулыны бермеген;

құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарында тіркеу міндетті болатын кезде, мұндай тіркеусіз тексеріс жүргізілген;

осы Заңның 7-бабының 3-тармағында көрсетілген мерзім өтіп кеткен;

тексеріс тағайындау туралы қаулыда көрсетілмеген адамдар тексеріс жүргізген;

заңнамада көзделген жағдайда мемлекеттік құпияларға қолжетімділігі туралы рұқсатын растайтын құжаты болмаған жағдайларда, объектіге тексеріс жүргізу үшін келген адамдарды жібермеуге;

2) мынадай:

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakup.prokuror.kz>)

жүргізілетін тексеріс нысанасына немесе тексеріс тағайындау туралы қаулыда көрсетілген кезеңге жатпайтын;

мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтермен және құжаттармен танысуға құқық беретін тиісті рұқсаты немесе құжаты болмаған кезде осындай мәліметтер мен құжаттарды бермеуге;

3) тексеріс тағайындау туралы қаулыға, сондай-ақ прокуратура органдарының лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) заңда белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

2. Тексерілетін субъектілер не олардың уәкілетті өкілдері прокурорлар тексеріс жүргізген кезде:

1) прокуратура органдарының лауазымды адамдарының тексерілетін субъектінің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге міндетті.

Прокуратура органдарының лауазымды адамдарының режимдік объектілердің аумағына және үй-жайларына кіруі тексерілетін ұйымда белгіленген өткізу және объектішілік режимдер туралы талаптар ескеріле отырып қамтамасыз етіледі;

2) мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияларды қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, прокуратура органдарының лауазымды адамдарына тексеріс нысанасы шегінде қағаз және электрондық жеткізгіштегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін тексеріс нәтижелері туралы анықтамаға қоса тіркеу үшін беруге, сондай-ақ органдар мен ұйымдардың құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелері мен ресурстарына қолжетімділік жасауға;

3) тексеріс тағайындау туралы қаулымен және оның нәтижелері туралы анықтамамен танысуға және оларды қол қойып алуға;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы талаптарға сәйкес тексерісті жүзеге асыратын адамдар үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.

10-бап. Үкіметтің, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының, сондай-ақ өзге де ұйымдардың актілері мен шешімдерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және Президентінің актілеріне сәйкестігін қадағалау

1. Прокуратура:

1) осы Заңның 24-бабының 2-тармағында көрсетілген актілерді қоспағанда, Үкіметтің, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының актілері мен шешімдерінің;

2) меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың актілері мен шешімдері шектелмеген адамдар қатарына қатысты не жария сипатқа ие болса, олардың актілері мен шешімдерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және Президентінің актілеріне сәйкестігін қадағалауды жүзеге асырады.

2. Осы бапта көзделген қадағалауды прокуратура қабылданған актілер мен шешімдерді Бас Прокурордың актісімен айқындалған тәртіппен бағалау арқылы жүзеге асырады.

11-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі заңдылықтың сақталуын қадағалау

Прокуратура қылмыстық-процестік заңнамада айқындалған өкілеттіктерге сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асырады.

12-бап. Жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметі және жасырын тергеу әрекеттері заңдылығының сақталуын қадағалау

1. Жедел-ізвестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері заңдылығының сақталуын қадағалау қылмыстық-процестік заңнамада, осы Заңда, "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Бас Прокурордың актілерінде және онымен келісілген құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қарсы барлау қызметі заңдылығының сақталуын қадағалау "Қарсы барлау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Бас Прокурор мен қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдардың бірлескен нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор:

1) заңнамада белгіленген жағдайларда жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларының жүргізілуін санкциялайды, оларды жүргізудің заңдылығын, сондай-ақ жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің заңдылығын тексереді;

2) жедел-ізвестіру іс-шараларының жүргізілуіне бастамашылық жасайды;

3) заңдылықты, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзушылықтар анықталған кезде, жедел-ізвестіру іс-шараларын тоқтатады;

4) заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайды.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.12.2017 № 118-VI Заңымен (01.03.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

13-бап. Қылмыстық, азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын қадағалау

Заңды күшіне енген сот актілерін қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор заңда белгіленген тәртіппен және шекте:

1) соттан сот актілері заңды күшіне енген қылмыстық, азаматтық істерді және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді, сондай-ақ үкімнің орындалу мәселелері бойынша материалдарды сұратады, қабылданған актілердің заңдылығын зерделейді және негіздер бар болған жағдайда оларға наразылық білдіреді;

2) заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру туралы өтінішхаттарды қарайды;

3) заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайды.

14-бап. Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалау

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор:

1) осы Заңның 6-бабының 3 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларда сот орындаушысы әрекеттерінің заңдылығын тексереді;

2) заңда белгіленген жағдайларда жеке сот орындаушысының іс жүргізуінен атқару құжатын алады және оны мемлекеттік сот орындаушысына береді;

3) заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайды.

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakup.prokuror.kz>)

15-бап. Жазаларды орындаудың және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолданудың заңдылығын қадағалау

1. Жазаларды орындаудың және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолданудың заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) ұстап алудың, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде, арнайы мекемелерде және гауптвахталарда күзетпен ұстаудың заңдылығын;

2) ұстап алынғандардың, күзетпен ұстаудағы және қылмыстық жазасын өтеп жатқан адамдардың құқықтарының, оларды ұстау жағдайларының сақталуын, сондай-ақ аталған адамдардың өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді орындауын;

3) бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаны орындаудың заңдылығын тексеруді жүзеге асырады.

2. Қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор:

1) бас бостандығынан айыру орындарына және жазалар мен мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын орындайтын басқа да мекемелерге тексеру мақсатымен кез келген уақытта баруға;

2) жазаларды орындайтын мекемелер әкімшілігінің актілерін заңда белгіленген жағдайларда келісуге;

3) күзетпен ұстаудағы, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдарға заңды бұза отырып қолданылған тәртіптік жазалар мен көтермелеулердің күшін жоюға, өзінің қаулысымен оларды тәртіптік изолятордан, жалғыз адамдық камерадан босатуға;

4) заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді орындауға құқылы.

16-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының сақталуын қадағалау

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының сақталуын қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор:

1) Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеуге қатысуға;

2) ұстап беру, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек, сотталғандарды және психикасының бұзылуынан азап шегетін адамдарды беру туралы, сондай-ақ шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын заңнамада белгіленген тәртіппен жасасуға;

3) ұстап беру, бас бостандығынан айыруға сотталғандарды одан әрі жазасын өтеу үшін беру, сондай-ақ психикасының бұзылуынан (ауруынан) азап шегетін адамдарды мәжбүрлеп емдеу жүргізу үшін беру туралы, адамдар транзиті, процестік әрекеттерді жүргізу жөніндегі тапсырмаларды жіберу және орындау туралы өтінішхаттарды қарауға;

4) шет мемлекеттердің құзыретті органдарында қылмыстық қудалау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіруге;

5) заңда және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындауға құқылы.

17-бап. Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы

заңдылықты қадағалау

Прокуратура "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, осы Заңда және өзге де заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдылықты қадағалауды жүзеге асырады.

3-тарау. СОТТА МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕЛЕРІН БІЛДІРУ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ

18-бап. Сотта мемлекет мүдделерін білдіру

Прокуратура қылмыстық-процестік, азаматтық процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген негізде және тәртіппен сотта мемлекет мүдделерін білдіреді.

19-бап. Қылмыстық қудалау

Прокуратура мемлекет атынан қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

4-тарау. ПРОКУРАТУРА ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨЗГЕ ДЕ БАҒЫТТАРЫ

20-бап. Заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру

1. Құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді прокуратура органдары осы органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың келісілген әрекеттерін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады. Аталған қызметті прокуратура органдары Бас прокуратураның, облыстардың прокуратуралары мен оларға теңестірілген прокуратуралардың жанынан құрылатын тұрақты жұмыс істейтін үйлестіру кеңестерінің шеңберінде жүзеге асырады.

2. Үйлестіру кеңестері өз қызметін Конституцияға, заңдарға, Заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

21-бап. Өтініштерді қарау

1. Прокуратура органдары өтініштерді осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ заңдылықты бұзушылықтар не олардың басталу қаупі туралы өтініштерді осы Заңның 6-бабы 4-тармағында және 7-бабы 1-тармағының 1), 2 және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда қарайды.

2. Прокурорлар өтініштерді "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де заңдарда белгіленген мерзімдерде қарайды.

Өтінішті қарауға байланысты тексеріс тағайындалған жағдайда оны жүргізу тәртібі мен мерзімдері осы Заңның 7-бабында айқындалады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының талаптары қарау тәртібі қылмыстық-процестік, азаматтық процестік заңнамада, әкімшілік құқық бұзушылық туралы, сондай-ақ жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметі саласындағы заңнамада белгіленген өтініштерге қолданылмайды.

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakup.prokuror.kz>)

4. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, анонимдік өтініштер прокуратура органдарында қаралуға жатпайды. Прокурор өтініш жасаған адамның мүддесі үшін ақпарат көзін жария етпеуге құқылы.

22-бап. Прокуратура ведомстволарының , мекемелерінің және білім беру ұйымының қызметі Прокуратураның ведомстволары, мекемелері және білім беру ұйымы:

1) статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады және арнайы есепке алуды жүргізеді, процестерді автоматтандырады;

2) ішкі істер органдары қызметкерлерін қоспағанда, заңнамада көзделген жағдайларда құқық қорғау қызметіне алғаш орналасатын адамдарды кәсіптік даярлауды, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, оның ішінде Президенттік резервте тұрған Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары басшылығының қызметкерлерін кәсіптік қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыруды, сондай-ақ құқық қорғау қызметі саласындағы ведомствоаралық ғылыми зерттеулерді үйлестіру мен жүргізуді ұйымдастырады және жүзеге асырады;

3) заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5-тарау. ПРОКУРАТУРАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ

23-бап. Прокуратураның құқықтық актілерінің жүйесі

1. Прокуратураның құқықтық актілерінің жүйесін:

1) прокурорлық қадағалау актілері: наразылық, санкция, нұсқау, ұсыну, қаулы;

2) прокурорлық ден қою актілері: өтінішхат, арыз, үндеу, заңды түсіндіру;

3) прокуратураны ұйымдастыру және оның қызметі мәселелерін реттейтін актілер: бұйрықтар, өкімдер, ережелер, нұсқаулықтар, регламенттер және басқалар құрайды.

2. Заңда белгіленген негізде, тәртіппен және шекте енгізілген прокурорлық қадағалау актілері олар жіберілген органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың қарауы үшін міндетті. Прокурорлық қадағалау актілерін қарамау заңда белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

24-бап. Наразылық

1. Прокурор Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және Республика ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келетін нормативтік және өзге де құқықтық актілерге және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) наразылық келтіреді.

2. Заңнамалық актілер, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Конституциялық Кеңестің актілері, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары, Жоғары Сот Кеңесінің, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің (жүргізілген тексеріс қорытындылары бойынша) актілері, техникалық сипаттағы нормативтік актілер прокурорлардың наразылық білдіруіне жатпайды.

3. Наразылық заңсыз актіні, шешімді қабылдаған органға немесе лауазымды адамға, немесе жоғары тұрған органға не жоғары тұрған лауазымды адамға келтіріледі. Органның немесе лауазымды адамның заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) наразылық осындай тәртіппен білдіріледі.

4. Прокурордың наразылығын тиісті орган немесе лауазымды адам күнтізбелік он күн

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakup.prokuror.kz>)

ішінде қарауға тиіс.

Наразылық бойынша шешім дайындау және қабылдау қажеттілігіне байланысты прокурор оны қараудың өзге де мерзімін белгілеуге құқылы, бірақ бұл күнтізбелік он күннен кем болмауға тиіс.

Орган немесе лауазымды адам наразылықтың қаралатын уақыты мен орны туралы прокурорды хабардар етуге міндетті.

5. Прокурор наразылықта заңсыз актінің күшін жоюды не оны Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және Республика ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес келтіруді, сондай-ақ лауазымды адамның заңсыз әрекетін (әрекетсіздігін) тоқтатуды және бұзылған құқықты қалпына келтіруді талап етеді.

6. Орындалуы адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орны толмас зардапқа алып келсе не алып келуі мүмкін болса, Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасарлары, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар наразылық келтірілген құқықтық актінің не әрекеттің орындалуын наразылық бойынша шешім қабылданғанға дейін тоқтата тұруға құқылы.

7. Заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру негіздері, тәртібі, мерзімдері, сондай-ақ олардың орындалуын тоқтата тұру қылмыстық-процестік, азаматтық процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада айқындалады.

25-бап. Санкция

1. Прокурор заңда белгіленген жағдайларда құқықты шектейтін сипаттағы жекелеген әрекеттерді жасауға, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді алуға санкция (келісім) береді.

2. Санкция (келісім) беруді не оны беруден бас тартуды прокурор санкция сұратуға негіз болған материалдар зерделенгеннен кейін лауазымды адамның қаулысына бұрыштама және қол қойып ресімдейді.

Санкция (келісім) беруден бас тартылған жағдайда оның себептері мен негіздері көрсетіледі.

Санкция (келісім) беру электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамаға сәйкес электрондық цифрлық қолтаңба арқылы да куәландырылуы мүмкін.

26-бап. Нұсқау

1. Прокурор:

- 1) сотқа дейінгі тергеп-тексеру;
- 2) жедел-ізвестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері мәселелері бойынша;
- 3) заңда белгіленген өзге де жағдайларда жазбаша нұсқаулар береді.

2. Прокурордың өз құзыреті шегінде берілген нұсқаулары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-ізвестіру қызметін, жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдардың басшылары мен қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.

27-бап. Ұсыну

1. Прокурор өз құзыреті шегінде:

- 1) заңдылықты бұзушылықты жою туралы;

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakup.prokuror.kz>)

2) қылмыстық және өзге де құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қол сұғылмаушылық құқығына ие адамдарды осы құқықтан айыру мәселелері бойынша;

4) заңда белгіленген өзге де жағдайларда ұсыну енгізеді.

2. Ұсынуды лауазымды адам немесе орган күнтізбелік отыз күн ішінде, ал адамның және азаматтың өмірі мен денсаулығы, мемлекеттің қауіпсіздігі үшін орны толмас зардап басталуы мүмкін болған жағдайларда прокурор белгілеген мерзімде қарауға тиіс.

Прокурор ұсынуды қарау кезінде оған қатысуға құқылы. Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам прокурорға ұсынуды қараудың уақыты мен орны туралы ұсыну қаралатын күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға тиіс.

Ұсынуды қараудың нәтижелері және қабылданған шаралар туралы прокуратураға ұсыну қаралған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарланады.

28-бап. Қаулы

1. Прокурор тәртіптік іс жүргізуді қозғау, тексеріс жүргізу, күштеп әкелу, құқықтық актінің қолданысын тоқтата тұру туралы қылмыстық-процестік заңнамада, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген қаулылар, сондай-ақ заңда көзделген өзге де жағдайларда қаулылар шығарады.

2. Прокурордың қаулысы уәкілетті органның немесе лауазымды адамның міндетті орындауына жатады.

29-бап. Өтінішхат

Прокурор қылмыстық-процестік, азаматтық процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген тәртіппен заңды күшіне енбеген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхат келтіруге құқылы.

30-бап. Арыз

1. Прокурор заңда белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа арызбен (талап қою арызымен) жүгінуге құқылы.

2. Прокурорлық қадағалау актілері қабылданбаған не олар қараусыз қалдырылған кезде прокурор органдардың және лауазымды адамдардың актілерін, шешімдерін және әрекеттерін (әрекетсіздігін) заңсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгінеді.

31-бап. Үндеу

Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасарлары, облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар заңдылықты және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында лауазымды адамдарға, мемлекеттік органдарға, заңды және жеке тұлғаларға үндеу жасауға құқылы.

Үндеу бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып немесе өзге де жария тәсілмен таратылады.

32-бап. Заңды түсіндіру

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakur.prokuror.kz>)

немесе дайындалып жатқан құқыққа қайшы іс-әрекеттер туралы мәліметтер болған кезде, прокурор жеке тұлғаларға және заңды тұлғалардың өкілдеріне заңдылықты бұзушылықтарға жол бермеу туралы және заңда белгіленген жауаптылық туралы жазбаша және (немесе) ауызша нысанда түсіндіреді.

33-бап. Прокурорлық қадағалау актілерін және прокурорлық ден қою актілерін жариялау

Прокуратура органдары өз қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету үшін заңнамада белгіленген шектеулерді сақтай отырып бұқаралық ақпарат құралдарында органдар мен лауазымды адамдардың адам мен азаматтың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін жариялауға құқылы.

34-бап. Прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне шағым жасау

1. Прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне жоғары тұрған прокурорға не сотқа заңда белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

2. Сот не жоғары тұрған прокурор прокурордың әрекеттеріне немесе актілеріне арыз (шағым) бойынша шешім шығарылғанға дейін олардың орындалуын тоқтата тұра алады.

3. Жоғары тұрған прокурор мүдделі адамдардың өтініштері бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурор актілерінің күшін жоя алады, оларды кері қайтара алады, тоқтата тұра алады немесе өзгерте алады.

6-тарау. ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

35-бап. Прокуратура органдарының жүйесі

1. Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының бірыңғай жүйесін Бас прокуратура, облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар (республикалық маңызы бар қалалар мен Қазақстан Республикасы астанасының прокуратуралары, бас әскери және көлік прокуратуралары), аудандық және оларға теңестірілген қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған прокуратуралар (әскери, табиғат қорғау, көлік, арнайы объектілер прокуратуралары) құрайды.

2. Прокуратура жанынан прокуратура органдарының бірыңғай жүйесіне кіретін ведомстволар, мекемелер, білім беру ұйымдары құрылуы мүмкін.

3. Прокуратура органдарының өз нышандары болады, олардың сипаттамасын Бас Прокурор бекітеді.

4. Прокуратура органдарын, мекемелерін, ведомстволарын, білім беру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату, олардың мәртебесі мен құзыретін айқындау заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

36-бап. Бас Прокурор және оның орынбасарлары

1. Бас Прокурорды:

1) Парламент Сенатының келісуімен Қазақстан Республикасының Президенті бес жыл мерзімге лауазымға тағайындайды;

2) Қазақстан Республикасының Президенті лауазымнан босатады;

3) ол Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді;

4) қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakur.prokuror.kz>)

жағдайлардан басқа кезде, өз өкілеттіктері мерзімі ішінде Парламент Сенатының келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларына, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

2. Бас Прокурордың бірінші орынбасары мен орынбасарларын Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

37-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері

Бас Прокурор:

1) Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және Республика ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келетін нормативтік және өзге де құқықтық актілерге наразылық білдіреді;

2) төмен тұрған прокуратуралардың қызметіне басшылық жасайды;

3) Бас прокуратура жанындағы Заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің төрағасы болып табылады;

4) прокуратура органдарының, ведомстволарының, мекемелерінің және білім беру ұйымының барлық қызметкерлері мен жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады;

5) Бас Прокурордың заңнамалық актілерде және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде тікелей көзделген өкілеттіктерін қоспағанда, прокуратура органдарының жүйесінде өз өкілеттіктерін беретін лауазымды адамдарды айқындайды;

б) өз құзыреті шегінде:

қылмыстық-процестік заңнама, жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнама нормаларын қолдану мәселелері бойынша;

құқықтық статистиканың барлық субъектілері үшін міндетті құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша;

құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінде мәліметтерді қалыптастыру, оларға қол жеткізу, оларды пайдалану, сақтау, қорғау және жою мәселелері бойынша;

прокуратура органдары лауазымды адамдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау тәртібін айқындайтын;

прокуратураның білім беру ұйымына оқуға қабылдау тәртібін айқындайтын;

құқық қорғау қызметі саласындағы ведомствоаралық ғылыми зерттеулер жүргізу, олардың үйлестірілуі және мониторингі тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер;

заңнамаға сәйкес басқа да нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

7) заңда көзделген жағдайларда сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-ізвестіру және қарсы барлау қызметінің мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді келіседі;

8) Қазақстан Республикасының Президентіне прокуратура ережесін, құрылымын және жалпы штат санын бекіту туралы ұсыныстар енгізеді;

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakup.prokuror.kz>)

9) облыстардың, аудандардың прокуратуралары, оларға теңестірілген прокуратуралар, прокуратура мекемелері мен білім беру ұйымының ережесін (жарғысын) бекітеді;

10) Қазақстан Республикасының Президентіне прокуратура ведомстволары мен білім беру ұйымы басшыларын лауазымға тағайындау және лауазымнан босату туралы ұсыныс енгізеді;

11) Қазақстан Республикасы Президентінің келісуімен облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорларды лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

12) еңбек қатынастары мәселелері заңға сәйкес жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, мекемелер басшыларын, ведомстволар, мекемелер және білім беру ұйымы басшыларының орынбасарларын, облыстар прокурорларының және оларға теңестірілген прокурорлардың орынбасарларын, сондай-ақ аудандардың прокурорларын және оларға теңестірілген прокурорларды лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады. Аталған адамдарды лауазымға тағайындау кезінде оларға үш айға дейінгі мерзімге сынақ мерзімін белгілеуге құқылы;

13) Қазақстан Республикасының Президентіне жоғары басшы құрамның сыныптық шендері мен жоғары офицерлік құрамның әскери атақтарын беру үшін кандидатуралар ұсынады;

14) құқық қорғау қызметі туралы заңнамада белгіленген тәртіппен прокуратура органдарының қызметкерлеріне сыныптық шендер мен әскери атақтар береді;

15) Қазақстан Республикасының Президенті алдында елдегі заңдылықтың жай-күйі және прокуратура органдарының қызметі туралы есеп береді;

16) прокуратура органдарының қызметкерлері мен жұмыскерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға және құрметті атақтарын беруге ұсынады, ведомстволық наградалармен наградтайды;

17) прокуратура органдарында, ведомстволарында, мекемелерінде және білім беру ұйымында қаруды, оқ-дәріні және арнайы құралдарды алу, есепке алу, сақтау, алып жүру, беру, тасымалдау тәртібін айқындайды;

18) өзіне заңмен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

38-бап. Бас прокуратура

1. Бас прокуратураны Бас Прокурор басқарады.

2. Бас прокуратура:

1) прокуратура органдары қызметінің бағыттары бойынша олардың іс-қимылын бақылауды, үйлестіруді және келісуді қамтамасыз етеді;

2) заңдардың қолданылуын, заңдылықтың жай-күйін қадағалау практикасына талдау, оның ішінде құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтерді пайдалана отырып талдау жасайды;

3) прокуратура органдарының қызметін жетілдіреді;

4) жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметін, жасырын тергеу әрекеттерін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органдармен заңнамада белгіленген шекте өзара іс-қимыл жасайды;

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakur.prokuror.kz>)

5) прокуратура органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және жүргізеді;

б) норма шығарушылық қызметке қатысады;

7) халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарының атынан өкілдік етеді және қылмыстық-процестік саладағы халықаралық шарттардың жобаларын әзірлейді, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар бастама жасаған прокуратура қызметіне қатысты халықаралық шарттардың жобаларын келіседі.

39-бап. Облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар мен прокуратуралар

1. Облыстардың прокуратураларын және оларға теңестірілген прокуратураларды тиісті прокурорлар басқарады.

2. Облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар:

1) облыстық, аудандық және оларға теңестірілген өзге де прокуратуралардың қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағынысты қызметкерлер мен жұмыскерлер үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады;

3) Заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі тиісті үйлестіру кеңестерін басқарады.

40-бап. Аудандық және оларға теңестірілген өзге де прокурорлар мен прокуратуралар

1. Аудандық және оларға теңестірілген прокуратураларды Бас Прокурор тағайындайтын тиісті прокурорлар басқарады.

2. Аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар:

1) аудандық және оларға теңестірілген өзге де прокуратуралардың қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағынысты қызметкерлер мен жұмыскерлер үшін міндетті өкімдер шығарады.

41-бап. Төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға бағыныстылығы

1. Прокурорлардың бағыныстылығы:

1) жоғары тұрған прокурорлардың ұйымдастыру және қызмет мәселелері жөніндегі нұсқауларының төмен тұрған прокуратуралар үшін міндеттілігін;

2) төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорлар алдында қызметтік міндеттерін орындауы үшін жауаптылығын;

3) жоғары тұрған прокурорлардың қажет болған жағдайларда төмен тұрған прокурорлардың өкілеттіктерін жүзеге асыруын;

4) жоғары тұрған прокурорлардың төмен тұрған прокурорлар актілерінің күшін жоюын, қайтарып алуын, тоқтата тұруын немесе өзгертуін;

5) төмен тұрған прокурорлардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне жасалған шағымдарды жоғары тұрған прокурорлардың шешуін қамтиды.

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakup.prokuror.kz>)

2. Бас Прокурор осы Заңда белгіленген тәртіппен төмен тұрған прокурорлар бағыныстылығының өзге де нысандарын белгілеуі мүмкін.

42-бап. Прокуратура органдарындағы алқалар

1. Бас прокуратура, ведомстволар, облыстардың прокуратуралары мен оларға теңестірілген прокуратуралар алқаларын құру туралы шешімді Бас Прокурор қабылдайды.

2. Алқа отырыстарында прокуратура органдары қызметінің мәселелері, сондай-ақ Бас Прокурордың, ведомство басшысының, облыс прокурорының немесе оған теңестірілген прокурордың ұйғаруы бойынша мүдделі адамдардың қатысуымен алқалы түрде қарауды талап ететін, заңдылықты анықталған бұзушылықтармен байланысты өзге де мәселелер қаралады.

3. Алқа шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілігінің даусымен қабылданады және прокуратура органдарының бағынысты қызметкерлері мен жұмыскерлері үшін міндетті болып табылады.

4. Бас прокуратурадағы, ведомстволардағы, облыстар прокуратураларындағы және оларға теңестірілген прокуратуралардағы алқа жұмысының регламенті мен оның құрамын олардың бірінші басшылары айқындайды.

7-тарау. ПРОКУРОРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ, ӨКІЛЕТТІКТЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕПІЛДІГІ

43-бап. Прокурор

1. Прокурор - прокуратура функцияларын іске асыру мақсатында осы Заңда белгіленген өкілеттіктерді жүзеге асыратын прокуратура органдарының қызметкері.

Мыналар прокурор болып табылады: Бас Прокурор, оның бірінші орынбасары және орынбасарлары, аға көмекшілер мен көмекшілер, ерекше тапсырмалар жөніндегі аға көмекшілер, прокуратура органдары қызметтерінің, департаменттерінің, басқармаларының және бөлімдерінің басшылары, олардың орынбасарлары, бас әскери прокурор, бас көлік прокуроры, облыстар, аудандар прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, басқармалар мен бөлімдердің аға прокурорлары мен прокурорлары, облыстар прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлардың аға көмекшілері мен көмекшілері, аудандар прокуратуралары мен оларға теңестірілген прокуратуралардың аға прокурорлары мен прокурорлары, сондай-ақ әскери, уәкілетті және арнайы прокурорлар.

2. Сыныптық шендер немесе әскери атақтар берілетін прокуратура органдары жүйесі лауазымдарының тізбесін, сондай-ақ оларға сәйкес келетін шекті сыныптық шендерді немесе әскери атақтарды Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

3. Прокуратураның әскери міндетті қызметкерлері прокуратура органдарында арнайы есепте тұрады.

44-бап. Прокурордың өкілеттіктері

1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес:

1) қылмыстық-процестік заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен әрекеттерді жүзеге асыруға және процестік шешімдер қабылдауға;

2) заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен жедел-іздістіру қызметінің материалдарын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді талап етуге, басшылардан және басқа да лауазымды адамдардан заңдылықтың жай-күйі және оны қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы қажетті құжаттарды, материалдарды, статистикалық ақпаратты және өзге де мәліметтерді алуға;

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakup.prokuror.kz>)

3) заңда көзделген негіздерде және тәртіппен сот отырысына қатысуға және іс бойынша қорытынды беруге, соттан сот істерін сұратуға, сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхат және наразылықтар келтіруге;

4) заңда көзделген тәртіппен тексерістер жүргізуге, оларға қатысу және қорытындылар беру үшін мамандарды тартуға, сондай-ақ қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тексеруді жүзеге асыруға тартуға;

5) сараптамалар тағайындауға, прокуратураға келіп түскен материалдар, өтініштер бойынша уәкілетті органдардан тексерістер жүргізуді талап етуге және олардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттеуге;

6) құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелер мен ресурстарда қамтылған мәліметтерге заңнамада белгіленген негіздерде және тәртіппен қол жеткізуге;

7) жүргізілетін тексеріс және қаралатын өтініш мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін түсініктемелер алуға шақыртуға;

8) негіздер болған кезде және заңда көзделген тәртіппен лауазымды адамдар салған тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың күшін жоюды, заңсыз актінің қолданысын толығымен немесе ішінара тоқтата тұруды талап етуге;

9) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғауға және тоқтатуға;

10) тексерістер жүргізумен байланысты құжаттар мен материалдарға заңнамада белгіленген тәртіппен қол жеткізуге;

11) нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысуға;

12) басқа мемлекеттердің мекемелерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасауға;

13) заңдылықты және құқық тәртібін, қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық жүйелерді құруға және жетілдіруге қатысуға;

14) заңда көзделген өзге де әрекеттерді орындауға құқылы.

2. Прокурор:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға;

2) мінез-құлықтың әдептілік нормаларын сақтауға;

3) өз құзыретіне сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғауға;

4) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараумен байланысты құжаттар мен материалдарды заңнамада көзделген шекте оларға танысуға ұсынуға;

5) заңдылықты бұзушылықтардың, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың алдын алу және анықтау, сондай-ақ кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту үшін заңда белгіленген тәртіппен прокурорлық ден қою актілерін және прокурорлық қадағалау актілерін қабылдауға;

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakup.prokuror.kz>)

6) тексерілетін субъектілердің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және актілердің қабылдануына жол бермеуге;

7) тексеріс барысында алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын, мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

8) заңсыз ұстап алынған және бас бостандығынан айыру орындарында, арнайы мекемелерде, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелерде, қызметтік үй-жайларда заңсыз ұсталатын адамдарды дереу босатуға;

9) өзінің қызметін халықтың сенімін арттыру басымдығымен жетілдіруге;

10) заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді орындауға міндетті.

45-бап. Прокурор қызметінің құқықтық кепілдіктері

1. Прокурорға өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі келтіру немесе заңсыз шешім қабылдату мақсатында қандай да болсын нысанда ықпал ету заңда белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

2. Прокурордың талап етуі бойынша органдар, ұйымдар және лауазымды адамдар:

1) мемлекеттік құпияларды, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге заңда белгіленген талаптар мен шектеулерді сақтай отырып, жүргізілетін тексеріс және осы Заңның 21-бабына сәйкес қаралатын өтініштер мәселелері бойынша қажетті материалдар мен мәліметтерді беруге міндетті.

Прокурор мемлекеттік құпияларды, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткені үшін заңда белгіленген жауаптылықта болады;

2) тексеріске қатысу және қорытынды беру үшін мамандар бөлуге міндетті.

Мемлекеттік емес ұйымдардың қызметкерлері және өзге де адамдар тексеріске мамандар ретінде шарттық негізде тартылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген, жүргізілетін тексеріс немесе қаралатын өтініш мәселелері бойынша прокурордың талаптары органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті.

4. Сұратылатын ақпарат прокуратура органдарына заңнамада белгіленген нысандарда, тәртіппен және мерзімдерде беріледі.

5. Лауазымды адамдар мен азаматтар жүргізілетін тексеріс немесе қаралатын өтініш мәселелері бойынша түсініктер беру үшін прокурордың шақыруы бойынша ол белгілеген уақытта келуге міндетті.

Лауазымды адамдар мен азаматтарды прокуратура органдарына шақырту, төтенше жағдайлар немесе бұл кезде алдын алу мүмкін болмайтын мән-жайлар туындаған жағдайларды қоспағанда, прокурордың мәртебесі мен құзыретін сақтай отырып, шақырылатын адамның уақтылы келуі және түсініктеме беруге дайындалуы үшін жеткілікті мерзім болатындай есеппен жүргізіледі.

Шақыру бойынша тағайындалған мерзімде келуге кедергі келтіретін себептер туралы шақырылған адам шақырған прокурорды хабардар етуге міндетті.

Дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда лауазымды адамдар мен азаматтар Бас Прокурордың, оның орынбасарларының, облыстық және оларға теңестірілген

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakur.prokuror.kz>)

прокурорлардың, олардың орынбасарларының, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлардың уәжді қаулысы бойынша күштеп әкелуге (мәжбүрлі түрде жеткізілуге) ұшырауы мүмкін.

Прокурордың күштеп әкелу туралы қаулысын ішкі істер органы орындайды.

Күштеп әкелу түнгі уақытта жүргізілмейді.

Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар және он сегіз жасқа толмаған адамдар олардың заңды өкілдеріне хабарланбастан, жүкті әйелдер, сондай-ақ дәрігердің куәландыруына жататын денсаулық жағдайы бойынша өзінің тұрып жатқан орнын тастап кете алмайтын немесе тастап кетпеуге тиісті адамдар күштеп әкелуге жатпайды.

6. Прокурордың заңды талаптарын орындамау не прокурордың талап етуі бойынша дәлелді себептерсіз келмей қалу заңда белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Прокурорлардың тексеріс жүргізу барысында заңдарда көзделмеген талаптарды қою заңда белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

7. Прокурор заңда көзделген жағдайлар мен тәртіптен басқа кезде, өзінің іс жүргізуіндегі істер мен материалдардың мәні бойынша қандай да бір түсініктемелер беруге, сондай-ақ оларды кімге де болсын танысу үшін беруге міндетті емес. Іс жүргізіп жатқан прокурордың рұқсатынсыз тексерістер мен істердің материалдарын жария етуге ешкімнің құқығы жоқ.

46-бап. Прокуратура органдарының жауаптылығы

1. Прокуратура қызметкерлері өз қызметін жүзеге асыру кезінде заңда белгіленген жауаптылықта болады.

2. Прокуратура органдарының әрекеттерімен келтірілген залал заңнамада көзделген тәртіппен өтеледі.

47-бап. Прокуратура органдарында еңбекті құқықтық реттеу

Мыналардың:

1) прокуратура қызметкерлерінің еңбек қатынастары "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерімен, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында реттеледі;

2) прокуратураның әскери қызметшілерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде және "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында реттеледі;

3) прокуратураның өзге жұмыскерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында реттеледі.

48-бап. Прокуратура органдарындағы қызмет

Прокуратура органдарындағы қызмет – Конституцияға, осы Заңға және өзге де заңнамаға сәйкес прокурорлар жүзеге асыратын құқық қорғау қызметінің бір түрі.

Прокуратура органдарында қызмет өткеру тәртібі мен ерекшеліктері "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

49-бап. Қызметтік куәліктер және мөр

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakur.prokuror.kz>)

1. Бас Прокурорға, Бас Прокурордың орынбасарларына белгіленген үлгідегі қызметтік куәліктерді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі береді.

2. Бас Прокурор, прокуратура ведомстволарының, мекемелерінің және білім беру ұйымының басшылары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар бағынысты қызметкерлеріне белгіленген үлгідегі қызметтік куәліктер береді.

3. Бас прокуратураның, оған бағынысты прокуратуралардың және прокуратура ведомстволарының, мекемелері мен білім беру ұйымының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрлері болады.

50-бап. Прокуратура органдарын қаржылық қамтамасыз ету

Прокуратура органдарының жүйесін қаржылық қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Прокуратура органдарының қазынашылық органдарда тиісті шоттары болуы мүмкін.

51-бап. Прокуратура органдарының қызметкерлерін материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету

1. Прокуратура органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабының 9-1) тармақшасында белгіленген тәртіппен бекітілетін мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын органдар жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді.

2. Прокуратура органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігіне байланысты және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

8-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

52-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. "Прокуратура туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 156-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 15, 208-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 142-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 15-16, 63-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 16, 128-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 16, 90-құжат; 2015 ж., № 20-I, 111-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 24, 126-құжат) күші жойылды деп танылсын.

**Қазақстан Республикасының
Президенті Н.НАЗАРБАЕВ**

Тіркеме



[«Прокуратура туралы» Заң](#)

Көлем

63.45 KB

«Прокуратура туралы» Заң

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы сайтында жарияланған
(<http://goszakup.prokuror.kz>)

Қайнар: <http://goszakup.prokuror.kz/kaz/nka/normativnye-pravovye-akty/prokuratura-turaly-zan>